



# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz\_jsc mmginfo

№04 (186), МАМЫР, 2025



## БАТЫРЛАР ЕРЛІГІ МӘҢГІЛІК

**6 мамыр күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік шаралар өтті.**

Компанияның Бас кеңседе Ұлы Отан соғысына қатысушылардың фотосуреттері мен олар туралы қысқаша мәліметтер, тыл еңбеккерлерінің фотосуреттері қойылған мемориалдық көрме ашылды. Әрбір фотосуреттің артында соғыстың ауыртпалығы мен сұмдығын бастан өткеріп, соғыстан кейінгі жылдарда қиындықпен алыса жүріп елді қайта көтерген адамдардың тағдыры

жатыр. Бұл көрме Ұлы Отан соғысының қаһармандары мен тыл еңбеккерлерін еске алып, олардың Ұлы Жеңіске қосқан үлестерін мәңгілікке есте қалдыруға арналған.

Мерекелі шарада «Мәңгілік алау» мемориалына дәстүрлі гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Оған компания басшылығы мен ардагерлері, Қаламқас пен Жетібай кенорындарының мұнайшылары, орталық

аппарат қызметкерлері қатысты. Гүл шоқтарын қойғаннан кейін жиналғандар қан майданда ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

- Бұл мереке әр отбасына ыстық, өйткені соғыс бірде-бір жанұяны айналып өтпеді. Әр отбасында соғысқа қатысып, жеңіспен оралған немесе қаза тапқан жақын адамдары бар. Қаншама адам тылда еңбек етті. - деп атап өтті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейітмағанбетов. - Қазіргі ұрпаққа соғыс жылдары қандай болғанын елестету өте қиын.

Өйткені, біздің бақытымызға орай, бейбітшілікте туып, соғыстың қасіретін тартпадық. Сондықтан, бейбіт заманда өскен ұрпақ ардагерлердің ерлігін ұмытпай, батырларды ардақтап, құрметтеуге тиіс.

Майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерлігі халық жүрегінде мәңгі сақталады. Олар туралы кітаптар жазылып, фильмдер түсіріледі, ерліктері ескерткіштер мен мемориалдарда, мұражай экспонаттары мен фотосуреттерде бейнеленетін болады.

Ер есімі – ел есінде!



## МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

# ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК ИЕСІНЕ ТАҒЗЫМ

5 мамырда Маңғыстау мұнайының шежіресін жазуға өлшеусіз үлес қосқан, Ұлы Отан соғысының ардагері, көрнекті геолог-барлаушы Қамқа Жаниярқызы Үмбеталина тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.



Ең бастысы — Қамқа Жаниярқызы көзі тірісінде: «Еңбегіміз елеусіз қалмаса екен, кейінгі ұрпақ жер-ананың қадірін ұғып өссе екен» деген тілек айтқан болатын. Қойылған ескерткіш тақта — сол асыл ананың аманатын арқалаған елдің жауабы, ұрпақтың құрметі.



Бұл күн — жай күн емес. Бұл күн — Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орайласа келген, тарих пен тағдырдың тоғысқан сәті. Қамқа апай — майдан даласынан елге аман оралған, ерге бергісіз еңбек етіп, Маңғыстау мұнайы үшін жанын шүберекке түйіп қызмет еткен саңлақ. Геологияның қара тасын қақ жарып, ел болашағы үшін қара жердің қойнынан қазына іздеген ардагер. Ел үшін еткен еңбегі ескерусіз қалмақ емес.

Осы жолы сол есіл ерлікке, сол биік рухқа тағзым жасалды. Қамқа апай ұзақ жылдар тұрған үйіне қойылған қара мәрмәр тақта — бір адамның емес, бүтін бір дәуірдің, маңдай тер мен табандылықтың ескерткіші іспетті.

Салтанатты жиынға қала басшылығы, ел ағалары, ардагерлер, әріптестері мен ұрпақтары жиналды. Көкірегі сырға, жүрегі жырға толы қариялар сыр шертті. Ізінен ерген шәкірттері үн қатты. Туған-туыстары ризашылықпен тағзым етті.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы ардақты ардагердің есімін ұлықтау — ұрпақ алдындағы парыз деп біледі. Өйткені тарих — тек өткеннің ізі емес, ол — келешекке қалдырған аманат.



## ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК - КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ

Өндіріс өркендеген сайын, ең алдымен сол өндірісте еңбек етіп жүрген жұмысшы амандығы басты назарда болуы тиіс. Биылғы Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұйымдастырған форум осы ұстанымды арқау етіп, түрлі сала мамандары мен жауапты тұлғаларды бір алаңға тоғыстырды. Форумның мақсаты — қауіпсіз еңбек ортасын қалыптастыру, адами капиталды сақтау және еңбек адамына деген құрметті арттыру.



Форум шымылдығын «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Бас директорының бірінші орынбасары Болат Сейтмағанбетов ашып, еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру

тек ереже сақтаумен шектелмей, бүкіл өндірістік ортада орныққан корпоративтік мәдениеттің бір бөлігіне айналуы қажет екенін атап өтті. Сонымен қатар жиында мердігер ұйымдармен жұмыс

жүргізудегі ерекшеліктер мен тәжірибелер ортаға салынды. Мекемедегі ішкі аудит пен қауіпсіздік шараларын күшейту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалып, өндіріс ішіндегі мәдениетті қалыптастырудағы жаңа тәсілдер мен қызметкерлердің белсенділігі сөз болды.

Сондай-ақ, форумда қолданыстағы қауіпсіздік жүйелері мен инновациялық тәсілдер туралы баяндалды. Бұл баяндамалар форум қатысушыларына жаңа ой, тың серпін сыйлады.

Форумның қорытынды бөлімінде сала ардагерлері мен үздік қызметкерлерге марапаттар табысталды. Олардың қатарында Маңғыстау облысы әкімдігінің, Еңбек министрлігі инспекциясының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Құрмет



грамоталары мен Алғыс хаттарына ие болғандар бар. Сонымен қатар, «Қаламқасмұнайгаз» және «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармалары арасында өткен кәсіби сайыстың жеңімпаздары да лайықты марапатталды.

Қорытындысында форум қатысушылары еңбек қауіпсіздігі саласындағы озық тәжірибелермен алмасып, ортақ пікір қалыптастырды. Мұндай ауқымды диалог алаңдары өндірістік мәдениетті жаңа деңгейге көтеріп, қауіпсіз еңбек ортасын қалыптастырудағы тың идеяларға жол ашады.

# ҚАЛАМҚАС МҰНАЙШЫЛАРЫНЫҢ ЖӘРДЕМІ: ЖАЛҒЫЗ БАСТЫ АНА БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

**Қайырымдылық жасап, қолдау көрсету – қазақтың қанында бар қасиет. Асыл дініміз де мұқтаж жандарға жақсылық жасауға бұйырады. Дана бабаларымыздың «Жамандық пайда етпейді, жақсылық зая кетпейді» дегеніндей, адамның бұл дүниеде жасаған әрбір ізгі ісінің, жақсы іс-әрекетінің көпке пайдасы тигеніндей, жақсылық иесіне де екі дүниелік қайыры болмақ.**

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...» деген. Өткен жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнайшылары Шетпе ауылында тұратын баспанаға мұқтаж отбасына тұрғын үй сыйлап қуанышқа бөлеген болса, биыл Жармыш ауылының тұрғыны Бекзат Салауатқызына қасиетті Рамазан айында баспананың сертификатын сыйлаған болатын.

Көру қабілетінен айрылған ана бұған дейін екі баласымен времянкада тұрып, өмірдің тауқыметін тартқан еді. Бұл жағдайды көрген мұнайшылар көпке созбай 19-ші сәуірде Бекзат Салауатқызына жаңа үйдің кілтін табыстап қайырымдылық үрдісін жалғастырды.

Өмірлік серігінен айрылып баспана қиындығын бастан өткізген ананың қуанышында шек жоқ. Енді ел қатарлы өмір сүріп, ұлым мен қызым қоғамға пайдалы азамат болып өссе дейді. Қуаныштан көзіне жас алған ол қайырымдылық істе қолдау көрсеткен Қаламқас мұнайшыларына аналық алғысын жеткізді.

- Арманым баспана еді, орындалып жатыр. Бүгін мұнайшылар менің жанұяма үлкен жаңа баспананың кілтін табыстап, көңілді серпілтіп тастады. Қайырымды іске мұрындық болған барша азаматтарға үлкен рақметімді айтамын! Алла-тағала разы болсын! – деді ол.



Жалпы, жұртқа қайырымдылық жасау – мұсылмандық әр азаматтың борышы. Ынтымақ пен бірлікті ту еткен мұнайшы азаматтар қайырымдылық шараларымен көпке үлгі көрсетуде.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Мақсат Нұрғабылов баспаналы болып, қуанышқа кенелген жанұяны еңбек ұжымы атынан құттықтап, қайырымдылық шарасына атсалысқан барша әріптестеріне ризашылығын білдірді.

Шараның басты мақсаты - жерлестерге жанашырлықпен қарап, сол арқылы жас ұрпаққа өнеге көрсете отырып, әлеуметтік осал топтағы, көп балалы отбасылар мен мұқтаж жандарға көмек қолын созу.

Қазақта «Бірлік болмай тірлік болмас» деген сөзді бекерге айтпаған. Береке қай жерде орнаса, сол жерде құт пен ырыс қонақтайды. Мұнайшыларымыз қай істе де ауызбіршілікті, ынтымақты ту етіп келеді. Лайымда солай болғай!

## МОЛОДЁЖЬ – НАШЕ БУДУЩЕЕ



**С 29 апреля по 1 мая в Шымкенте прошел молодежный форум группы компаний КазМунайГаза.**

В мероприятии, приуроченном к объявленному Главой государства «Году рабочих профессий», приняли участие 214 молодых специалистов из дочерних и зависимых организаций КМГ, в том числе и 20 работников АО «Мангистаумұнайгаз».

Открывая форум, председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Асхат Хасенов отметил, что КМГ продолжает развивать систему подготовки и повышения квалификации кадров, уделяя особое внимание рабочим профессиям и новым востребованным специальностям, в том числе в нефтегазохимической отрасли. Сегодня в группе компаний КазМунайГаза трудятся 13,5 тысяч молодых специалистов.

— Молодёжный форум группы компаний КМГ способствует подготовке нового поколения специалистов, обладающих навыками, определяющими будущее отрасли. Как отметил Глава государства, развитие искус-

ственного интеллекта должно стать новым драйвером экономики. Обучающие тренинги по ИИ, операционному менеджменту, лидерству в производстве, системному мышлению и принятию эффективных решений станут прочной основой для профессионального роста молодых специалистов, — подчеркнул глава КМГ.

А.Хасенов призвал молодёжь активно развиваться как в профессиональном, так и в личностном плане, максимально используя возможности, доступные современному поколению. Он отметил, что именно ответственность и приверженность делу со стороны молодых специалистов станут прочной опорой для будущего развития нефтегазовой отрасли.

В рамках трехдневной обучающей программы форума участники получили возможность освоить на реальных примерах передовые методики управления производственными процессами, расширить знания по актуальным технологическим трендам, включая цифровизацию и искусственный интеллект, а также развить лидерские и командные навыки.

**«Это было НЕВЕРОЯТНО!!! Форум превзошёл все мои ожидания. Эти четыре дня изменили меня, моё сознание и мой внутренний мир на все 360 градусов.»**

О форуме можно высказаться только положительно, так как АО НК «КазМунайГаз» сделал все возможное, чтобы участники мероприятия почувствовали весь вайб сплоченности, продуктивности и развития. С первых минут ощущалась забота и высокий уровень организации. Но самое главное началось потом... Мы не просто слушали лекции — нас погружали в атмосферу лидерства, командной работы и технологий будущего. Для меня было большой честью встретить Генеральных директоров ДЗО, но было ОГРОМНОЙ честью защищать командный проект перед Председателем Правления АО НК «КазМунайГаз» Асхатом Хасеновым

Нас учили, как стать настоящими лидерами, не по должности, а по духу. Как вдохновлять других, как брать ответственность и вести команду за собой. Несмотря на свой юный возраст - 23 года, - я был капитаном в трех разных командах. Все эти люди доверились, поверили в меня, и выбрали меня лидером, и мы показали один из лучших результатов на форуме.

Но, честно говоря, главное сокровище этого форума — ЛЮДИ. Я пообщался с коллегами из разных городов и компаний, послушал десятки историй, обменялся идеями, нашёл единомышленников. Столько энергии, мотивации и нового опыта я не получал никогда раньше! Этот форум стал для меня не просто событием — а поворотной точкой. Я вернулся с новыми целями, мыслями и уверенностью, что могу и должен делать больше. Я ощутил, что за какие-то четыре дня, я получил столько опыта, сколько бы не получил, даже может за 10 лет работы в одном месте. У меня поменялись все установки в голове и мы молодёжь должны стремиться менять всё вокруг себя в лучшую сторону. Нам нужно жить не с мыслью «Что я получу, если я сделаю это?», а более масштабнее и полезнее: «Что я могу улучшить, что полезного я могу сделать обществу и коллегам?». Так как мы все работаем в одной сфере и не стоит забывать, что у нас есть коллеги из других компаний и если один из нас сделает, что-то полезное - это поможет всем нам работать лучше, эффективнее и легче открывая новые возможности. Один слабо затянутый болт на производстве может стоить жизни человека, а одно нововведение может кардинально изменить жизнь наших коллег.

Я хочу выразить огромнейшую благодарность нашей компании АО «Маңғыстаумұнайгаз» за возможность участия в таком головокружительном форуме!!! Я это очень ценю и даю слово быть полезным и ценным работником для всех своих коллег!!!

**Әбілқайыр Асанов,  
слесарь по ремонту технологических установок ЦКППН  
ПУ «Қаламқасмұнайгаз»**



# ЕШКІМ ДЕ ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ



## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТЫЛ МАЙДАНЫ АРДАГЕРЛЕРІ



**Үзенбаев Өтеген**  
(05.05.1921 - 29.08.2015)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
Мұнай саласында 13 жыл еңбек еткен.  
«Маңғышлақмұнайгазбарлау» трестінің Жетібай мұнай-газ барлау экспедициясында бұрғылаушы көмекшісі, геофизикалық барлау бойынша Маңғышлақ экспедициясының шебері болып жұмыс жасаған.



**Үмбетәліқызы Қамқа**  
(05.09.1923 - 24.08.2020)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
Мұнай саласында 45 жыл еңбек еткен.  
«Маңғышлақмұнайгазбарлау» трестінде зертханашы, зертхана меңгерушісі, әдіскер, инженер, аға инженер болып жұмыс жасаған.



**Бекешов Сағынбай**  
(01.01.1924 - 27.08.2012)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
1941 жылы геологиялық барлау кеңсесіне жұмысқа тұрған. 1942 жылдың 15-ші тамызында Ұлы Отан соғысына аттанған. Соғыс аяқталғасын жұмысын жалғастырған. 1973 жылдан бастап Жетібай кен орнында цех шебері қызметін атқарған.



**Тоқжанов Жолдас**



**Богословская Тамара Александровна**



**Бүркітов Алшымбай Сәтенұлы**



**Досқарина Қадиша**



**Нахуев Бөлекбай**



**Әбішева Күнше**



**Алапанов Мушахан**



**Исаева Шаршаған**



**Тасанов Нұрым**



**Егоркина Нелля Федоровна**



**Мұхамбетов Құмар**



**Глотов Владимир Иванович**



**Нечаев Виктор Васильевич**  
(01.05.1926 - 13.08.2017)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
Мұнай барлау, геология саласында 40 жыл жұмыс жасаған.  
«Маңғышлақмұнайгазбарлау» трестінде аға геолог қызметін атқарған.



**Қыдырбаев Қайыр**  
(20.03.1922 - 02.07.2020)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
Мұнай саласында 17 жыл еңбек еткен.  
Жетібай автотракторлық цехында тракторшы, Жетібай автокөлік кеңсесінде экскаватор машинисі, «Жетібаймұнай» МГӨБ жұмысшы қызметтерін атқарған.



**Ығылманов Назымбай**  
(05.05.1925 - 21.11.2014)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
Мұнай саласында 25 жылдан астам уақыт еңбек еткен. 1960 жылдан 1989 жылға дейін «Мангышлакнефть» бірлестігінің Жетібай автокөлік кеңсесінде көлік жүргізушісі болып жұмыс жасаған.



**Ағатаев Орысбай**



**Байжауынова Жолекен**



**Көшенұлы Тұрсынғали**



**Бисекенова Сақыпжамал Мендіғалиқызы**



**Аязбай Хамза**



**Короткова Лидия Ивановна**



**Мұсаұлы Алпамыс**



**Гришечкина Галина Николаевна**



**Кенжебеков Түгел**




**Қаражанова Сәуле**



**Қаражанов Қойлыбай**



**Котолова Файна Алиевна**




**Қалыбаев Шарқатбай**  
(10.01.1928 - 13.08.2018)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
Мұнай саласында 29 жыл еңбек еткен. 1960 жылдан 1988 жылға дейін «Мангышлакнефть» бірлестігінің Жетібай автокөлік кеңсесінде көлік жүргізушісі болып жұмыс жасаған.



**Семакина Екатерина Семеновна**  
(10.10.1924 - 16.12.2017)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
«Мангыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының жоспарлау бөлімінде инженер болып жұмыс жасаған.



**Скороход Николай Григорьевич**  
(15.01.1935 - 17.07.2017)

Ұлы Отан соғысының ардагері.  
Бала кезінде соғысқа қатысып «полк баласы» атанған. Мұнай-газ өндіру саласында 7 жыл еңбек еткен. «Мангышлакнефть» ӨБ Орталық өндірістік техникалық қызмет көрсету базасында және Технологиялық көлік басқармасында слесарь-электрик болып жұмыс жасаған.



**Меликсетов Сурен Арсенович**



**Еңсегенова Биязы**



**Губашев Каким**



**Үбенова Оқиза**



**Амантайқызы Оразгүл**



**Өтебай Кәрім Тілепұлы**



**Сисенбаев Абдулла**



**Каленкевич Ирина Викторовна**



**Ермизина Раиса Васильевна**



**Васина Валентина Ивановна**

# МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Фоторепортаж

# ҮЗДІК МАМАН-2025

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында «Үздік маман-2025» дәстүрлі кәсіби шеберлік конкурсының I-кезеңі аяқталды: «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның 124 жұмыскері үздіктердің үздігі атағы үшін бақ сынасты.



## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕРГЕ МІНДЕТ

**7 мамырда елімізде ерекше маңызға ие мереке — Отан қорғаушылар күні атап өтіледі. Бұл күн — Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күні ғана емес, сонымен қатар ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында жан аямай қызмет етіп жүрген азаматтарға, ардагерлерге және ел қорғаны болған барлық әскери қызметшілерге көрсетілетін құрметтің белгісі.**

Отан қорғау — әрбір ер азаматтың қастерлі борышы. Қазіргі таңда еліміздің қорғаныс саласы айбынды армиясымен, жоғары дайындықтағы әскери құрылымдарымен мақтана алады. Осы жолда қажырлы қызмет атқарып, егемен елдің отын сөндірмейтін және біздің қорғаныс жүйемізді қолдайтын өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде өзінің әскери өмірдегі тәжірибесімен бөлісіп жүрген азаматтың бірі — «Oil Construction Company» ЖШС қызметкері Есенғали Еркінұлы Қызылғұлов.

Есенғали Еркінұлы Қызылғұлов 1978 жылы өмірге келген. 1995 жылы орта мектепті аяқтап, дәнекерлеуші мамандығын игерген жас жігіт 1997 жылы әскер қатарына шақырылып, әскери борышын Шонжыдағы 25/34 әскери бөлімінде өтейді. Бір жылдан соң аға сержант атағын алған Есенғали Тәжік-Ауған шекарасына бітімгерлік мақсатта аттанып, қауіп-қатерге толы әскери аймақта қызмет етеді. Суық пен аштық,



жабдықтың тапшылығы мен күнделікті қауіп — бәрі де жас сарбаздың жүрегінде өшпес із қалдырды.

"Ардагер боламыз деп ойлаған жоқпыз, 18-ден 19 жасқа қараған шақта соғыс даласына аттандық. Сонда ғана азаматтық, ерлік, елдік дегеннің не екенін шын ұқтық", — дейді ардагер.

Жат жерден туған елге аман-сау оралған сарбаз еңбекке араласады. Мамандығы бойынша өңірдегі кәсіпорындарда қызмет атқарған ол 2007 жылы «Oil Construction Company» ЖШС-ға дәнекерлеуші болып жұмысқа орналасады. Содан бері компанияда үздіксіз қызмет атқарып, өз ісін адал атқарып жүр.

Есенғали — тек еңбек адамы ғана емес, қоғам белсендісі, патриоттық тәрбиеге үлес қосып жүрген тұлға. Бүгінде ол — «Сардар» қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау ауданы бойынша төрағасы. Бірлестік Маңғыстау облысы аумағында 1000-ға жуық интернационалист жауынгермен, ал аудан көлемінде 20-ға жуық ардагермен тығыз жұмыс атқарады. Олар білім беру мекемелерімен бірлесе отырып, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруде белсенділік танытып келеді.

Отбасында жұбайы екеуі төрт бала тәрбиелеп өсіріп отыр. Қыздары — жоғары білім алып жатқан студенттер, ал ұлы — әскери кафедраға оқуға түсуге дайындалып жүр. "Жастарға айтарым — сабақты жақсы оқыңдар, ұл балалар Отан алдындағы борышын өтеуге дайын болсын. Ер азаматтың басты қасиеті — жауапкершілік. Әскерден кейін адам физикалық тұрғыдан мықты болып, елге, жерге деген махаббаты артады", — дейді ол.

Осындай азаматтардың өнегелі ісі ұжымдас-тарына мақтаныш болса, өскелең ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

**Индира Сәтенбай**  
«Oil Construction Company» ЖШС

## ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

**Қазіргі таңда индустрия мен энергетика саласының дамуында электр жүйесінің орны ерекше. Бұл салада еңбек ететін мамандардан аса жауапкершілік пен жоғары дәлдік талап етіледі. Сондықтан өз қызметінде қауіпсіз еңбек пен кәсіби шеберлікті қатар ұстанатын қызметкерлерді ұжым мүшелері үнемі жұртшылыққа үлгі етеді. Бүгінгі күні «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-де 30 жыл Қаламқас кенорнында қара еңбектің иесі атанған электромонтер Әкімжанов Ғалым Бердіханұлы туралы айтқымыз келеді.**



Маңғыстау түбегінде 1968 жылы дүниеге келген Ғалым Бердіханұлы он жылдық білім алып, мұнай - газ саладағы еңбек жолын 1989 жылдан бастады. Еңбекке кіріскен күннен бастап-ақ Ғалым өз жұмысына асқан жауапкершілікпен қарауды, қауіпсіздік талаптарын сақтауды басты қағидаға айналдырды. Тоқырау кезеңдердегі өндірістік қиындықтарға қарамастан, өз

ісіне деген адалдықты кәсіп еткен электромонтер көптеген еңбек жолдарын бағындырып келеді.

Электр қауіпсіздігі — тоқ саласының басты талаптарының бірі. Осы қағиданы берік ұстанған Ғ.Бердіханұлы жұмысқа кіріспес бұрын қорғаныс құралдары мен арнайы киімдердің жарамдылығын тексеруді әдетке айналдырған. Ықтимал

қауіптердің алдын алып, апаттардың болмауына барынша күш салатын Ғалекең әріптестерімен қауіпсіздік нұсқаулықтарын өткізу, жұмыс орнындағы тәртіп сақтау шараларында белсенділік танытатын тәжірибелі электромонтерлердің алдыңғы қатарында жүреді.

Сонымен қатар, Ғалым Бердіханұлы еңбек үдерісін жетілдіру, қауіпсіздікті арттыру бағытында үнемі тың бастамалардың орындалуына себепкер болып, ұжым арасында тәжірибе бөлісіп отырады. Бұл оның тек кәсіби маман ғана емес, білікті тәлімгер екендігін де көрсетеді. Серіктестіктегі 1995 жылдан бергі ұзақ жылғы еңбек жолында Ғ.Бердіханұлы ұжымның жас мамандарына үлгі болып, Серіктестіктің экономикалық дамуына адал еңбек еткен, ерен еңбек майталмандарының бірі. Осындай өз ісінің шебері атанған Ғ.Әкімжанов көптеген мәртебелі

құрметтердің иегері, атап айтсақ, 2017 жылы «МЭМ» ЖШС Құрмет тақтасына енген Құрметті электромонтер, 2020 жылы «МЭМ» ЖШС Алғыс хатымен, 2021 жылы Қазақстан Республикасының «Мұнай-газ» кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен, 2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сондай-ақ, Ғалым отбасында 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеген үлгілі әке, немерелердің мейірімді атасы. Бойындағы адамгершілік пен қарапайымдылық қасиеттерін ұрпақтарына дарыта білген Ғалекеңнің әулетіне берекет пен ырысты, мейірімділік пен шаттықты ғұмыр бұйырсын деген ұжым тілегін арнаймыз.

**Естай Екибаев**  
«МЭМ» ЖШС қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінің инженері



# MMG QUIZ-2025

**2 мамырда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да «MMG QUIZ-2025» интеллектуалдық турнирінің жаңа маусымы басталды.**

Маусымның алғашқы ойынында ең білімді деген атақ үшін Қаламқас, Жетібай және орталық аппараттан келген мұнайшылардан құралған 20 команда бақ сынады.

Зияткерлік тартыс барысында қатысушылар өз білімдерін сынап қана қоймай, таным көкжиегін кеңейтіп, ұмытылмас әсер алды.

Ойын нәтижесі бойынша «MMG QUIZ-2025» алғашқы кезеңінің жеңімпазы «OZIMIZ» командасы атанды, екінші орынды «8 бит» командасы иеленсе, үшінші орын «Не сатып алды?» командасына бұйырды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймыз!



## РУХТЫ ТЕРБЕГЕН ҚОЙЫЛЫМ

**Жас Мамандар Кеңесінің 10 жылдығына орай мұнайшылар «Әлиханнның аманаты» атты спектакльдің кезекті қойылымын ұжым болып тамашалады.**

Рухани кешке отбасымен келген мұнайшылар да болды. Әр сахналық көрініс жылы қабылданып отырды. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан – сөз бен істі, ой мен әрекетті, халық пен мемлекетті тұтас қараған дара тұлға. Оның аманаты – қағазға ғана емес, саналарға жазылған өсиет. Сол аманатты жаңғыртқан бұл қойылымда Алаш арыстарының күресі, тәуелсіздік жолындағы тайсалмас табандылық, ерлердің ел үшін еңіреген ерен еңбегі көркем тілмен, шынайы образбен суреттелді.

Көрермен бұл кеште тарихтың тылсым түнегіне үңілді, Алаш идеясының отымен жылынды. Ұлттың ұлы мұратын арқалаған Әлихан мен серік-

терінің бейнесі – бүгінгі ұрпаққа қайтпас қайсарлықтың үлгісіндей әсер қалдырды. Бұл – сахнада сөйлеген рух, бұл – жүрекке жеткен ар сотының үні.

Театр залы – бір сәтке ойлы қоғамның айнасына айналды. Кеш соңында көрермен қауым ұзақ қол соғып, шығармашылық ұжымға шынайы ризашылықтарын білдірді.

«Әлиханнның аманаты» – тек өткеннің елесі емес, ол – болашақтың бағдаршамы. Ұлт рухының шамшырағы. Бұл қойылымды көрген әрбір жан жүрегінде: «Біз сол аманатқа лайықпыз ба?» деген сұрақ қалғаны анық. Рухты тербеп, сананы жаңғыртқан кеш үшін тағзым!




## КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫ КҮТУ - ҰРПАҚ БОРЫШЫ



Жуырда «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ұжымы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Маңғыстау облысы, Тұщықұдық ауылында орналасқан Айдар Ишан Шайхысламұлы мен Сәттіғұл Жаңғабылұлы кесенелерінің аумағында тазалық жұмыстарын ұйымдастырды.

Аталған шара аясында кесене маңындағы қоқыстар жиналып, аумақ абаттандырылды. Сонымен қатар, қауымға келушілерге арналған арнайы автотұрақ салынды және қоршау орнатылды. Бұл жұмыстардың барлығы киелі орындарды сақтау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында жүргізілді.



**МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ**  
 Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ  
 Редактор: Есназар Сұлтанов  
 Редакция алқасы: - С. Галидуллин  
 - Л. Жолдыбаева  
 Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:  
 130000, Ақтау қаласы  
 6 ш.а., № 1 үй,  
 тел:  
 212-035, 211-861  
 211-885, 212-194

Газет айына 1 рет  
 шығады.  
 Тегін таратылады

Газет ҚР  
 Мәдениет және  
 ақпарат  
 министрлігінде  
 есепке  
 қойылып,  
 № 9675 - Г  
 куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
 Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды  
 Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.  
 Индексі: 64265

«Атис» ЖШС баспаханасында басылды.  
 Ақтау қаласы,  
 «Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,  
 1 үй, 3 кеңсе  
 тел: 8(7292)525 500